

"Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/250 қаулысына өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2000 жылғы 3 қарашадағы N 15/15 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қарашада N 1292 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2013 жылғы 25 маусымдағы № 13/210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 25.06.2013 № 13/210 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464_ Конституциялық заңының 12 бабы 6) тармақшасы негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/250 V990931_ "Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары сайлауын дайындау мен өткізуге байланысты құжаттарды сақтау, мұрағатқа өткізу және жою Ережелері туралы" қаулысына төмендегідей өзгертулер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары сайлауын дайындау және өткізуге байланысты құжаттарды сақтау, мұрағатқа өткізу және жою Ережелеріндегі:

7 тармақтың 1 абзацындағы "... Парламент Сенаты депутаттарының өкілеттіктерінің мерзімі ішінде..." деген сөздер " .. сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі жыл ішінде..." деген сөздермен алмастырылсын;

7 тармақтың 5 абзацындағы "... Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттіктерінің мерзімі ішінде..." деген сөздер "... сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі жыл ішінде..." деген сөздермен алмастырылсын;

7 тармақтың 6 абзацы алынып тасталсын;

7 тармақтың 8 абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы әкімдерге және облыстық, Астана және Алматы қалаларының сайлау комиссиялары төрағаларына жіберілсін.

3. Бұл қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі оны тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
Төрайымы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК